

№10 дәріс. Экскурсиялық іс бағытындағы музейлік жобалау мәселесі.

Дәріс жоспары:

1. Экскурсияны сыныптаудың негізгі белгілері
2. Қатысушылар құрамы мен саны бойынша экскурсияларды сыныптау
3. Өткізілетін орны мен қозғалыс тәсілі бойынша экскурсияларды жіктеу

Мақсаты: тарихи және заманауи материалдар пайдалана отырып экскурсияның түрлі нысандарды көрсетуге негізделінеді.

Кең мағынада алғанда сыныптама заттарды, құбылыстарды, түсініктерді ортақ белгілері бойынша сыныптарға, бөлімдерге жіктеу болып табылады. Экскурсиялық істе сыныптама жасау музейтану ғылым болып қалыптаса бастаған кезде-ақ жүргізіле бастады. Өткен ғасырдың алғашқы ширегінде мамандар экскурсиялық жұмыстың сыныптамалық қалыптарын ұсынды. Уақыт өте келе оның мазмұны өзгеріп, жетілдірілді.

Бүгінгі таңда мамандар экскурсияны мынадай жайттар негізінде: а) мазмұны бойынша; ә) қатысушылар құрамы мен саны бойынша; б) өткізілетін орнына қарай; в) қозғалыс тәсілі бойынша; г) ұзақтығына қарай; ғ) өткізілетін формасына сай сыныптайды. Атылған әрбір топтың өзіне тән құрауыштары (компоненттері), спецификасы мен ерекшеліктері бар. Оларды мамандар төмендегідей жіктеп, негізгі белгілерін көрсеткен.

Экскурсия *мазмұны бойынша* шолулық және тақырыптық болып жіктеледі. Шолулық экскурсия, әдетте, көп тақырыпты қамтиды, сондықтан да оларды көпжоспарлы деп те атайды. Оларда тарихи және заманауи материалдар пайдалана беріледі. Мұндай экскурсия түрлі нысандарды көрсетуге негізделінеді. Шолулық экскурсиясы аудан, қала, облыс, өлке, тарихи өңір, республика тарихына арналуы мүмкін. Дегенмен қандай тақырып болмасын, экскурсия барысында көп мағлұматтарға шолу жасалынып отырады. Мысалы, бір қаланың тарихына шолу жасалар болса, онда қаланың негізі қаланған уақыттан бастап қазіргі күнге дейінгі тарихына шолу жасалынады. Сондықтан да шолулық экскурсияның хронологиялық ауқымы өте кең болып келеді. Ал тақырыптық экскурсия жеке бір тақырыпты ашуға бағытталынады. Тақырыптық экскурсиялар тарихи, өндірістік, табиғаттанулық (экологиялық), өнертанулық, әдеби, архитектуралық-қалақұрылысы болып бөлінеді. Мазмұны бойынша тарихи экскурсия: тарихи-өлкетанулық (мысалы, «Шымкент қаласының қалыптасу тарихы»); археологиялық (мысалы, «Көне Түркістан қаласындағы археологиялық зерттеулер»); этнографиялық (мысалы, «Оңтүстік Қазақстан өзбектерінің бала тәрбиесіндегі салт-дәстүрлері»); әскери-тарихи, яғни ірі шайқастар, әскери жиындар болған жерлер (мысалы, «Ордабасы жиыны», «Аңырақай шайқасы», т.б.); тарихи-биографиялық, яғни көрнекті тұлғалардың өмірі мен қызметі өткен жерлер бойынша (мысалы, Жамбыл Жабаев, Асқар Токмағамбетов сынды ақындардың өмір жолы өткен орындарды аралау); тарихи музейлерге экскурсия сияқты топтарға жіктеледі.

Табиғаттанулық экскурсиялар табиғат аясындағы көрікті жерлерді тамашалаумен шектелінеді. Ал өндірістік экскурсиялар: өндірістік-тарихи;

өндірістік-экономикалық (мысалы, ҚР-ң ақша тарихы; жылжымайтын мүлік рыногы, т.б.); өндірістік-техникалық; оқушыларға арналған кәсіби-бағдарлық (мысалы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-е саяхат) сияқты топтарға жіктелінеді.

Өнертанулық экскурсиялар: тарихи-театрлық (мысалы, «Қазақ театрының тарихынан», т.б.); тарихи-музыкалық (мысалы, «Шаянға барып әншімін деме!» деген М.Әуезов сөзі); халықтың көркем өнер кәсібі бойынша; мәдениет қайраткерлерінің өмірі мен қызметі өткен жерлер бойынша; картина галереялары мен көрме залдарына, музейлерге, суретшілер мен скульпторлардың шеберханаларына бару (мысалы, суретші Досжан Оспанов шеберханасына саяхат) сияқты топтарға бөлінеді.

Әдеби экскурсиялар былайша топтастырылады: әдеби-биографиялық. Мұндай экскурсиялар ақын-жазушылардың өмір белестері мен шығармашылық кезеңінің бір бөлігі өткен жерлерде жүргізіледі (мысалы, «Мұқағали Мақатаев Алматыда», т.б.); тарихи-әдеби, бұл топқа қазақ ұлттық әдебиетінің дамуындағы белгілі бір кезеңді қамтитын уақыт алынады (мысалы, «XVIII-XIX ғасырлардағы Қаратау өңіріндегі жыраулық дәстүр», «Әдеби Шымкент», т.б.); -әдеби-көркем, бұл поэтикалық-мәтіндік экскурсия немесе белгілі бір жазушының шығармасына арқау болған орындарға экскурсия болып табылады (мысалы, «Әуезов әлемі», «Қазақ ақын-жазушыларының еңбектеріндегі Түркістан», т.б.).

Архитектуралық-қалақұрылыс тақырыбындағы экскурсиялар: қаланың архитектуралық құрылыстарын көрсететін экскурсия; белгілі бір тарихи кезеңнің архитектуралық ескерткіштерін көрсетумен байланысты экскурсия; -белгілі бір архитектордың шығармашылығын көрсетуге бағытталған экскурсия (мысалы, Барселонадағы архитектор Гаудидің кешендері, т.б.); қаланың Бас жоспары және құрылысымен таныстыратын экскурсия; заманауи архитектура үлгілерін көрсетуге бағытталған экскурсия; жаңа құрылыс орындарын көрсетуге бағытталған экскурсия (әдетте, сатып алушыларға) болып жіктелінеді.

Жоғарыда айтылған экскурсиялардың тақырыптары, мақсаты мен міндеттері кейде өзара қабысып та жатуы мүмкін. Мәселен, архитектуралық, әдеби бағыттағы экскурсияларда міндетті түрде тарихқа шегініс жасалады. Яғни сан алуан материалдар бірін-бірі толықтырып жатады. Сондықтан экскурсия жүргізу нақты жағдайларға (танымдық ресурс, өткізу орны, экскурсияның мақсаты, т.с.с.) байланысты болып келеді.

Экскурсияға қатысушылардың құрамы мен санына қарай экскурсиялар жеке, жергілікті халық, туристер, үлкендер мен оқушылар, т.б. үшін деп те жіктелінеді. Сондықтан да экскурсия жүргізуші топтың ерекшелігін ескеріп, сосын барып өзінің әңгіме-баянын құрғаны абзал. Бұл жерде экскурсия жүргізу техникасы, экскурсияның ұзақтығы, жүретін бағыттың қашықтығы секілді жайттар ұмытылмауы тиіс.

Өткізілетін орны бойынша экскурсиялар қала іші, қала сырты, өндірістік, музейлік, кешенді (бірнеше элементтерді қамтитын) болып бөлінеді.

Қозғалыс тәсілі бойынша жаяу және түрлі транспортты (автобус, трамвай, өзен және теңіз кемелері, тікұшақ, т.б.) пайдаланушы болып жіктелінеді. Жаяу экскурсияда көрсетілім мен әңгіме-баянға жақсы жағдай туындайды. Алайда

шабан туристерді жинап отыру, топтан қалып қалу секілді жайттар азды-кемді қиындықтар туғызуы ықтимал. Транспортты пайдаланғанда (әдетте, автобусты) экскурсия екі бөлікке бөлінеді. Оның бірінде нысандар туралы айтылса, екіншісінде нысандар арасындағы жолда топ өтіп бара жатқан жерлердегі тарихи жайттар қаузалыады. Мұндай экскурсиялар кезінде экскурсанттардың назарын аударту аздап қиындауы мүмкін, себебі автобусқа аялдама іздеп шабылу, транспорт шуылы, халық нөпірі, т.б. экскурсия жүргізушінің жұмысына кері әсерін тигізуі ықтимал. Әдетте, экскурсия ұзақтығы бір академиялық сағаттан (45 минут) бір тәулікке дейін ал, шағын мерзімді турлар бір тәуліктен үш-төрт күнге дейін созылады.

Экскурсия түрлі топтағы экскурсанттар үшін оқу жұмысының формасы ретінде де қарастырыла алады. Мәселен: экскурсия-консультация; экскурсия-демонстрация; экскурсия сабағы; оқу экскурсиясы; экскурсия жүргізіп көру (болашақ мамандар үшін); көрсетілім экскурсиясы (әдістемені үйрету үшін ұйымдастырылған ашық сабақ); жарнамалық экскурсия.

Экскурсияларды нақты бір белгілі топтарға жіктеу шартты түрде екендігін ескерген жөн. Экскурсияны дұрыс сыныптау экскурсия жүргізушінің жұмысын оңтайландырады.

орытындылай келгенде, музейдің ғылыми жүйесінің қоғамдық өмірдегі алатын орны өте үлкен және айқын. Сонымен қатар білім мен мәдениет музей құрылымындағы маңызды әлеуметтік функция болып табылады. Қоршаған ортаға байланысты заңды түрде музейдің көрсететін қызметі, жаңа музей формасының зерттелуі халыққа музейдің бағалы әрі қажет екенін түсіндіреді. Музей табиғат пен қоғамдағы іс-әрекеттер мен құбылыстарды құжаттандыра отырып, музейлік заттардың коллекциясын жинақтап, зерттеп, сақтап жасақтайды, сондай-ақ ғылыми-тәрбиелік білім беру және насихаттау мақсаттарында пайдаланылады. Музей қорлары – ұлтымыздың асыл мұрасы. Олар баға жетпес құнды жәдігерлерден тұрады. Бүгінгі таңда республикамызда 25 мыңнан астам жылжымайтын тарих, археология, сәулеттік өнер ескерткіштері және мемлекетіміздің 89-дан аса музейінде 2 млн-ға жуық мәдениет құндылықтары бар. Қазақстан музейлері осы археологиялық ескерткіштер мен музейлік жинақтар негізінде еліміздің ғылыми, эстетикалық, танымдық құндылықтарын ашуға атсалысады. Еліміздің музей қорларында барлық дерек көздерінің түрлері бар. Қазіргі уақытта музей заттарын немесе деректерін: заттық, бейнелеу, жазба, фоно, фото және кино деректер сияқты көптеген түрлерге бөлуге болады. Музейдің ерекшелігі – оның қызметінің негізгі осы материалдық және рухани ескерткіштерді, деректерді зерттеп, ғылыми айналымға түсіру. Бұл музейлік заттар – табиғаттағы және қоғамдық өмірдегі үдерістер мен оқиғалардың, құбылыстардың түпнұсқалық айғақтық жәдігерлері. Заттың музейлік маңызының беретін ақпараты әлеуметтік, ғылыми, тәрбиелеу, өткен заман мен қазіргі кезеңнің мәдени құндылықтарына назар аударуға, солардан рухани нәр алуға бағытталған мақсатты жұмыстардың бір саласы болуы қажет. Музей қорлары музейтану ғылымының көңілінен тыс қалған емес. Өйткені музей өзінің алдына қойған басты міндеттерін, ғылыми-зерттеу жұмыстарын өз қорындағы жинақталған жәдігерлерінің негізінде

жүзеге асырады. Музей экспозициясының және басқа да музей қызметтерінің сапасы музей қорларымен тығыз байланысты. Әсіресе қазіргі уақытта музей қорларының маңызы артып отыр. Мұны музейге жаңа материалдардың көптеп түсуімен және қордағы жәдігерлерді зерттеу үшін қолданатын ғалымдар ғана емес, бұқаралық ақпарат – радио, теледидар, баспа және кино саласындағы қызметкерлердің де қызығушылық тудыруымен түсіндіруге болады. Музей қорындағы ғылыми, рухани мәдениеттің түпнұсқа ескерткіштерін ғылыми негізде терең, жан-жақты зерттемей музейдің өз алдына қойған осы міндеттерін жүзеге асыру мүмкін емес. Қор жинақтарындағы сақталынған және жаңа түскен ескерткіштерді ғылыми өңдеу, зерттеу мәселесі қазіргі кезеңдегі музейтану саласындағы өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Ол – музейдің ғылыми-зерттеу қызметінің ең маңызды бағыты. Музей қор жинақтарын ғылыми өңдеп, сипаттау арқылы еліміздің талай ғасырлық тарихын нақты және жан-жақты зерттеуге болады. Музей заттарын зерттеу музейдің ғылыми-зерттеу жұмысының ең басты бағыты бола отырып, музей заттарының құндылығын анықтауды өзіне мақсат етіп қояды. Музей заттарын ғылыми зерттеп, оның тарихы және көркемдік құндылығын анықтау барысында мынадай мүмкіндіктерге қол жеткізуге болады: – Ғылыми негізделген түпнұсқа музей коллекцияларымен экспозиция және көрме құру, оларды ғылыми – білім беру жұмысында деректанулық базасын кеңейту. – Қор жинақтарымен тарихшы, өнертанушы ғалым-зерттеушілердің жұмыс жасауына жағдай жасай отырып, тарих ғылымының деректанулық базасын кеңейту. – Қорларды жоспарлы түрде ғылыми жинақтау, себебі қор жинақтарының толық зерттелмеуі қорды ғылыми негізделген жинақтаудың бағытын анықтауға мүмкіндік бермейді. – Музей қорларындағы тарихи танымдық тағылымы айрықша құндылықтарды ғылыми айналымға түсіру үшін ғылыми еңбектер, музей жәдігерлерінің негізінде анықтауыштар, каталогтар дайындап, жарыққа шығару. Сондықтан қазіргі кезеңде музейлердің алдында еліміздің музейлер қорының зерттеу әдістемелік нұсқауларын жасау, оның құндылықтарының негізінде ғылыми еңбектер, анықтауыштар, каталогтар дайындап, жарыққа шығару міндеттері тұр. Музей мамандары жәдігерлердің тарихи құндылығына көз жеткізу үшін әртүрлі ғылымдардың зерттеу тәсілдерін қолданады: өнер туындылары үшін өнертану ғылымының, археологиялық материалдар үшін археология, этнографиялық материалдар үшін этнология ғылымдарының тәсілдері қолданылады. Бірақ музейтанушылар заттарды тек дерек көзі ретінде зерттеп қана қоймай, сонымен қатар мәдени мұра және көңіл күйге әсер етуші дерек көзі ретінде де зерттеп, оның аттрактивтік қасиетіне көңіл бөледі. Музей заттарын зерттеу негізінен: заттарды атрибуциялау, оларды жіктеу және жүйелеу, интерпретациялау сияқты үш кезеңнен тұрады. Музей заттарын зерттеудің алғашқы кезеңінде заттың белгілерін ой елегінен өткізіп, оның физикалық қасиеті, шығу тарихы, әлеуметтік тұрмыстық ортасы, материалы, жасалу әдісі, түр-түсі, сыртқы белгілері, ерекшеліктері және заттың авторы, нақтылы оқиға мен тұлғаға қатыстылығы туралы деректер анықталады. Затты анықтау мынандай жағдайларға: атрибуцияланып отырған затқа қатысты тарихи оқиға мен құбылыстың қаншалықты белгілі екендігіне, зерттелу және маңыздылық

дәрежесіне, заттың қандай дерек түріне жататындығына және оны оқиға немесе құбылыстың болып жатқан уақытында немесе көп жылдар өткеннен кейін табылатындығына да байланысты. Музей заттарын атрибуциялау ең алдымен көру арқылы анықталатын формасы, түр-түсі, көлемі, салмағы сияқты шынайы белгілерін зерттеуден басталады. Заттың бұл белгілері оның негізгі атқаратын міндеттері мен құрылымы туралы ақпарат береді. Заттың материалын зерттеу оның авторын, жасалған орны мен мерзімін анықтауда маңызды рөл атқарады. Осы тұста заттың жасалу тәсілі де анықталып өтеді. Көптеген музейдегі заттар өткен ғасырларға жататындықтан, олардың авторы, жасалған орны мен уақыты туралы ақпараттар сирек кездесуі немесе мүлдем болмауы мүмкін. Сондықтан мұндай деректерді зерттеу музей мамандарынан арнайы тарихи, дерекнамалық, өнертанулық білімді талап етеді. Заттарды атрибуциялау барысында оларға түскен жазулар, таңбалар, сызбалар және оның сақталу дәрежесі анықталып, оған түскен ақаулар сипатталып жазылады. Музей заттарын атрибуциялау үдерісіне нумизматика, сфрагистика, геральдика, археография, палеография, генеология сияқты қосалқы пәндердің көмегі орасан зор. Ғылыми-анықтамалық әдебиеттердің де музей заттарын зерттеудегі орнын ерекше атап өтуге болады. Олар: ғылыми зерттеулік еңбектер, анықтауыштар, анықтамалық нұсқаулар мен каталогтар. Музей заттарын зерттеудің келесі кезеңі – оларды жіктеу мен жүйелеу. Бұл заттар арасындағы өзара байланысты қалыптастырады. Музей заттарын жіктеу мәселесінің музей тәжірибесінде алатын орны ерекше. Өйткені музей қорындағы заттар мен оған үздіксіз түсін дәрежесінде сақтау, зерттеу және өңдеу мүмкін емес. Тек дұрыс, терең ойластырып жүргізілген жіктеу ғана, зерттеуге тиісті объектінің жалпы және айрықша белгілерінің өзара байланыстарын анықтап көрсете алады. Мұны анықтамай қандай да болмасын тарихи үдерістерді ғылыми түрде ашып көрсету мүмкін емес. Сонымен, жіктеудің негізгі мақсаты музейдегі барлық заттарды аса маңызды белгілеріне (жалпы жіктеу) немесе бір ғана белгісі (жеке жіктеу) бойынша топтарға жіктеу болып табылады. Ол музейдің өзі жасаған жіктеу сызбанұсқасы бойынша жүзеге асырылады. Мұнда музейдегі бар заттар ғана емес, оған қабылдануға тиісті заттар да қамтылады. Жекеленген жіктеу таңдап алынған принциптеріне сәйкес хронологиялық (заттардың жасалу және тұрмыстық ортадағы уақыты бойынша), географиялық (заттың тұрмыстық ортасы мен жасалынған орнына байланысты), авторлық немесе есімдік (жеке бір адамға жатуына байланысты) және заттық (заттың сюжетіне байланысты) болып бөлінеді. Әрбір музейде қабылданған барлық заттар карточкалар немесе қазіргі замандық электрондық құралдардың көмегімен топ-топқа бөлінеді. Жіктеу сызбанұсқасына сай каталогтар жүйесі жасалынады. Жүйелеу әрбір заттың орнын белгілеуге, оның құндылығын анықтауға, заттағы деректерді топтастыруға мүмкіндік береді. Музей заттарын жіктеу мен жүйелеу үдерістері өзара бір-бірімен тығыз байланысты: жүйелеу жіктеуден шығады, ал заттарды жіктеу үдерісі жүйелеу барысында толықтырыла, жетілдіре түседі. Музей заттарын қорытынды кезеңі – оларды ғылыми дерек көзі ретінде соңғы сараптау мен интерпретациялау. Бұл кезең өте жауапты да маңызды үдеріс болып табылады. Атрибуциялау мен жүйелеу кезеңдерінде алынған деректер жиынтығы ғылыми интерпретациялау

барысында терең сараптамаланып, талданып жаңа маңызға ие болады. Бұл кезеңде музей заттарының түпнұсқалығы, аттрактивтік, экспрессивтік, коммуникативтік қасиеттері мен ол беретін деректердің көлемі, оның шынайылығы, яғни заттың құндылығы анықталады. Сөйтіп, музей заттары осындай терең ғылыми-зерттеу кезеңдерінен өтіп, оған тән барлық белгілері анықталып, сараптамаланып, қорытынды жасалынғаннан кейін ғана оның ғылыми, тарихи, көркемдік, мемориалдық, саяси құндылығына шынайы түрде баға беруге болады. Жалпы қорытындылай келгенде айтарымыз, музей ісінде, қоғамдық ортада тіпті әлемдік мәдениет сипатында құнды болып табылатын музей қорындағы сан түрлі жәдігерлердің өткеніміздің белгісіндей болып, халқымыздың баға жетпес асыл мұралары екені даусыз. Сондықтан да қоғамның белгілі бір дамуында ғылыми іздену, халық-ағарту, мәдени құндылықтарымызды сақтау жұмысының жүйесі – бұл мемлекеттік маңызы зор музей мекемелерінің басты атқаратын жұмысы.

Бақылау сұрақтары:

1. Экскурсияны сыныптаудың негізгі белгілері қандай?
2. Мазмұны бойынша экскурсиялар қалайша сыныпталынады?
3. Шолулық экскурсия деген не?
4. Тақырыптық экскурсиялар деген не?
5. Өндірістік экскурсиялар қандай топтарға жіктелінеді?
6. Өнертанулық экскурсияны түсіндіріп беріңіз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Основы музееведения. Отв. Ред. Э.А. Шулепова М., 2005
2. Мескон М.Х., Альберт М. Хедоури. Основы менеджмента. М., 1993.
3. Савина Н.В., Горбылева З.М. Экскурсоведение: Учебное пособие. – Минск, 2004.
4. Емельянов Б.В. Экскурсоведение. Учебное пособие. –М., 2002.
5. Райымханова К.Н., Қатран Д. Музей ісінің теориясы мен практикасы. –А., 2001
6. Дькова Р.А. Основы экскурсоведения. –М.:1985.–255 с.